

**2021 жылғы 01 сәуірден бастап шығарылған
«ForteBank» АҚ төлем карточкалары бойынша
бонус төлеу шарттары**

«ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі-Банк) бонус төлеудің осы шарттары Банкте бонустар төлеудің жалпы қағидаларын белгілейді.

Банк бонусты клиенттерінің қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүргізуін ынталандыру, оның ішінде Интернет желісінде, Банктің ниеттестік бағдарламаларын дамыту, клиенттік базаны кеңейту, көрсетілетін банк қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында төлейді.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1) Бонус** - клиент бонустарды төлеу шарттарына сәйкес іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде (бұдан әрі - белсенділік) Банк қаражаты есебінен клиентке ұсынылатын шартты бірлік.
- 2) Карточка** - Банк шығарған дебеттік/ кредиттік төлем картасы.
- 3) Клиент** - жеке тұлға, төлем карточкасын ұстаушы.
- 4) MCC-код** - сауда нүктесінің қызмет түрін сипаттайтын арнайы төрт таңбалы код.
- 5) Банк сайты** - Банктің Интернет желісіндегі forte.kz мекенжайы (домендік аты) бар ресми сайты.
- 6) Шот** - Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы/ жинақ шоты.
- 7) PUSH-хабарлама** - әріптисандық мәтіні бар ақпараттық-жарнама сипатындағы хабарламалар.

2. Бонус төлеу шарттары

2.1. Жинақталған бонусты Forte мобильді қосымшасының «Төлемдер» бөліміндегі қызметтердің бір бөлігі немесе барлығы үшін төлем жасау арқылы пайдалануға болады. Бонусты жұмсау үшін Клиент кем дегенде 100 бонус жинауы керек.

2.2. Жинақталған бонусты POS-терминалдарда және Интернетте төлем карталары бойынша карточкалық операцияларды жүргізу арқылы пайдалануға болады. Ол үшін төлем жасамас бұрын Forte мобильді қосымшасында «Сатып алуға бонустарды жұмсау» опциясын қосып, төлем жасау керек. Бонус арқылы төлем жасаған сайын «Бонустарды сатып алуға жұмсау» опциясын қосу қажет. Осы Шарттың 3-тармағында көрсетілген карточкалық операциялардың түрлері үшін бонустармен төлем жасауға болмайды.

2.3. Егер Клиент бонус сомасын төлеуге ерік білдірмесе және/ немесе жиналған бонусты пайдаланудың Банк белгілеген шарттарын орындамаса, жинақталған бонус сомасы, Клиент барлық төлем картасын жапқан кезде, төленбейді.

2.4. Forte мобильді қосымшасында төлемдердің келесі санаттары үшін бонус арқылы төлем жасауға болмайды: коллекторлық компанияларға және жеке сот орындаушыларына, жалдау, бағалау және заң қызметтеріне, басқаларға, қаржылық қызметтерге, қауіпсіздік агенттіктеріне, Отбасы Банкіне, онлайн ойындар үшін, шетелдік мобильді операторларға және букмекерлік кеңселерге.

2.5. Forte мобильді қосымшасындағы кредиттік лимиттен, корпоративтік карталардан және тексеру шоттарынан төлем жасау кезінде бонустарды пайдалануға болмайды.

3. Бонус есептеу бойынша шектеулер

3.1. Бонустар карточкалық операциялардың келесі түрлеріне есептелмейді:

- Банк қызметтерін төлеу;
- қолма - қол ақшаны банкоматтан және кассадан алу;
- казино мен тотализаторлардағы операциялар бойынша;
- лотерея билеттері мен облигацияларды сатып алуға байланысты операциялар бойынша;
- кейіннен ақша қайтарылған операциялар бойынша;
- карточкадан Банкте немесе басқа банктерде ашылған шоттарға ақша аударумен байланысты барлық операциялар бойынша;
- электрондық әмияндарды толықтыруға, байланыс операторының қызметтерін төлеуге байланысты

операциялар бойынша;

- банкоматтар, ҚБҚЖ, байланыс операторының интернет-ресурсы арқылы тауарлар/қызметтер жеткізушілерінің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем жасау;
- бонустармен жүргізілген операциялар бойынша
- мемлекеттік қызметтерді, мемлекеттік пошта қызметтерін, салық төлемдерін, сот шығындарын төлеуге байланысты операциялар бойынша, сонымен қоса алименттер, айыппұлдар, кепілдік және төлем міндеттемелерін төлеу үшін, жолаушылар тасымалы, автобус бағыттары, ақылы жолдар үшін алым.
- Банктің сайтында орналастырылған MCC-кодтар тізіміне сәйкес бонустар есептелмейтін басқа операциялар.

3.2. Клиент кейіннен ақшасы қайтарылған тауарды қайтарған/қызметтен бас тартқан жағдайларда, Банк бұрын есептеген бонус сомасы Клиенттің шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен алынады.

4. Бонус түрлері

Банк бонустың келесі түрлерін қарастырады:

4.1. **Жоғарылатылған бонустар** - Клиенттің өзі ай сайын мобильді қосымшада таңдаған жоғарылатылған бонусты есептеуге арналған санаттарға - 20% дейін бонус.

4.2. **Серіктестік бонустар** - Банктің серіктестерінен арнайы ұсыныстар бойынша жасалған сатылымдар үшін 25% дейін бонус.

4.3. **Қосымша бонус + 1%** - тиісті карточкалық операция жасалғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Клиенттің депозитіндегі жалпы сома 1 500 000 теңгені құраған жағдайда, еңбекақы карталары бойынша таңдалған санаттарға қолданылады. Бонустар тек теңгедегі (KZT) депозиттер бойынша есептеледі. Операцияны өңдеу фактісі бойынша pos-терминалдарда және Интернетте сатып алулар үшін қосымша бонус беріледі.

4.4. **Кепілдендірілген бонустар 0,5%** - Apple Pay/Samsung Pay/Google Pay және онлайн арқылы ForteTravel карталарымен сатып алу ақысын төлеу кезінде кепілдендірілген бонустар санаты.

4.5. **Саяхаттар 5%** - бұл әуе билеттеріне, қонақүйлерге, Duty Free, туристік агенттіктерге және автокөлік жалдау ақысын ForteTravel карталарымен төлегенде берілетін кепілдендірілген бонустар санаты.

4.6. Кепілдендірілген және/немесе таңдалған санаттар үшін МКК кодтары сәйкес келсе, бонустар мөлшері жинақталмайды, есептеу ең үлкен сомаға негізделеді.

4.7. Егер сауда нүктесі бір мезгілде Банктің серіктесі болып табылса және клиент таңдаған санатқа кірсе, Банк клиентке бонустардың максималды сомасын (айдағы Банктен берілетін бонустардың максималды сомасын ескере отырып) төлейді.

4.8. Клиент әр ай үшін алуы мүмкін бонустың ең жоғары сомасы: ForteBlack, ForteBlue, ForteTravel, және Forte-балалар төлем карталары бойынша - бір айда 30 000 теңге, бір тәулікте - 10 000 теңгеден аспауы тиіс сома. ForteSolo карталары бойынша - бір айда 100 000 теңге құрайды. «Барлығына арналған бонустар» санатынан басқа, әр санатқа арналған бонустың сомасы - айына 20 000 теңгеден аспауы тиіс. Лимит клиентке қолданылады және әрбір картаға бөлек қолданылмайды. Серіктестер желісінде бонустардың сомасы шектелмеген.

4.9. Бонустар тек Бонустың ең жоғары мөлшерінің сомасында төленуі мүмкін.

4.10. Бонустар Клиент сауда жасаған сәттен бастап 1 (бір) күннен 7 (жеті) күннің ішінде есептеледі.

4.11. Бонустар сомасы операцияны өңдеу фактісі бойынша банкішілік шотта ескеріледі.

5. Клиенттің санатты таңдау тәртібі

5.1. Санатты таңдау Банктің мобильді қосымшасында барлық Клиент үшін қолжетімді.

5.2. Банк санаттар тізбесі мен әрбір санат бойынша Бонустардың мөлшерін біржақты тәртіппен белгілейді және оны ай сайын өзгерте алады.

5.3. Әр айдың басында клиентке санаттар тізімі ұсынылады, олардың ішінен клиент бір ай ішінде тиісті

бонустар алатын санаттарды таңдай алады. Жоғары бонустарды есептеу үшін Санаттар Саны Клиент кластеріне байланысты:

- а) нарықтық Клиент-10 санаттағы 2 санат
- б) жалақы клиенті-10-нан 3 санат
- с) solo сегментінің клиенті-10 санаттағы 5 санат.

5.4. Санаттарды таңдау айына 1 (бір) рет жүзеге асырылады және өзгертуге жатпайды.

5.5. Егер клиент ағымдағы ай үшін жаңа санатты таңдамаса, онда ағымдағы ай үшін бұрын таңдалған санатқа қарамастан, клиентке барлық сатылым үшін Бонус төлеу тоқтатылады.

5.6. Банк сауда санаттарын MCC (Merchant Category Code) - сауда нүктесінің негізгі қызметін анықтау үшін Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелерінде қарастырылған код (мысалы, MCC - Азық-түлік дүкендері, Дәріханалар, супермаркеттер, Қонақ үйлер және т.б.) және/немесе терминал иесі бойынша белгілейді.

5.7. Банк эквайер-банктердің (сауда-сервистік нүктелерге қызмет көрсететін банктердің) MCC-ны және/немесе сауда - сервистік нүктелерінің атауларын дұрыс бермегені үшін жауапкершілік алмайды.

6. Басқа шарттар

6.1. Банк Клиентке алдын ала хабарламай, өз қалауы бойынша кез келген сәтте біржақты тәртіпте Бонустарды есептеуді және/немесе төлеуді тоқтатуға, сондай-ақ нақты төленген Бонустарды толығымен немесе ішінара алып тастауға құқылы.

6.2. Банк келесі жағдайларда клиентке алдын ала ескертусіз Бонустарды есептеуді және/немесе оны төлеуді тоқтата тұруға, шектеуге, сондай-ақ біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:

- Клиент қызметті кәсіпкерлік қызметті жүргізу мақсатында пайдаланды деп санауға Банктің негізі болған жағдайда;

- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе Клиент шарт шеңберінде қабылдаған міндеттемелерді бұзған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда;

- егер Клиент алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе Бонустар төлеудің шарттары шеңберінде Клиентке берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе Серіктестерге оларды жаңылыстыратын ақпарат берсе немесе дұрыс емес мәліметтер ұсынса;

- басқа жағдайларда Банктің қалауы бойынша.

6.3. Банк Бонустар төлеу шарттарын Банктің тиісті шешімі негізінде біржақты тәртіппен өзгертуі/толықтыруы мүмкін. Бонустар төлеу шарттары туралы ақпарат Банктің сайтында орналастырылады.

6.4. Бонустар Банк айқындаған және Клиенттің назарына жеткізілген мөлшерде, Банктің байланыс арналары арқылы және Банк шығарған Карточкалар бойынша ғана төленеді.